



Үй тапсырмасы

1. Шығармашылық жұмыс: «Жыр алыбы - Жамбыл» (презентация, хабарлама)
2. «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» дастандарынан үзінді жаттау
3. Сұраншы және Өтеген батыр туралы тарихи деректер жинау (хабарлама)
4. Венн диаграммасы (Сұраншы және Өтеген батырлар)

Жыр алыбы - ЖАМБЫЛ



**Жүз жасаған жүректен,
Жырларымды төгейін.
Көктемнің күніндей,
Жауды жеңіп, күлімдеп,
Келгеніңді көрейін!
Қаһарманым, күнім деп,
Беттеріңнен өбейін!...**

Ж.Жабаев



**Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үркей, көк найзалы жау торыған.
Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыпшын,
Жамбыл деп қойылышты атым содан.**



Жамбыл



Жамбыл Жабаев (1846-1945) көрнекті қазақ ақын- импровизаторы. Жамбыл Жабаев 1846 жылдың 28 ақпанында қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген. Ол қазақ даласында танымал болды. Қырғыз батыр эпосы «Манас» шығармасының үзіндісі мен шығыс поэмалары «Шахнамэ» және «Мың бір түн» ақынға құрметті атақ әкелді.

Октябрь кезеңіне дейін Жамбылдың айтыстары мен өлеңдері сақталмады, ұрпақтан - ұрпаққа ауызша беріліп отырған. Олардың кейбір бөліктері ғана қалған. Олардың ішіндегі аса танымалдары: «Менің әкеме», «Шабданға», «Шалтабайға», «Қалиге» т.б.

1916 жылғы ұлт- азаттық көтеріліс кезінде Жамбыл халықпен бірге болып, көтеріліске белсенді қатысады. Ақын өз өлеңдерімен көтеріліске қатысушыларды патша режиміне қарсы тұруға шақырды. Осы жылдары Жамбыл «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» атты өлең- жырларын шығарды.

Жамбыл 1917 жылғы қазан төңкерісінің куәгері болып, қазақ халқы өмірінің барлық жағынан жаңаруын өз көзімен көрді.

1919 жылы Жамбыл Жетісу ақындарының слётына қатысты. 1934 жылы Жамбыл халық өнерпаздарының I республикалық съездіне қатысып, нағыз халық ақыны екендігін дәлелдейді. 1936 жылы Мәскеуде қазақ өнерінің онкүндігі өткізіліп, соған қатысады.

1938 жылы Жамбыл шығармашылығының 75 жылдығына орай оған құттықтауларды сол кездегі танымал жазушылар мен Р.Роллан, К.Причард, М.Шолохов жіберді.

Ұлы Отан соғыс жылдары кезінде шығарылған «Мәскеу», «Ленинградтық өренім» және тағы да басқа өлеңдері жеңіске жетуге көп үлес қосты. Соғыс жылдарында Жамбыл жалынды, өткір өлеңдерімен халқымызды бейбіт елімізге тұтқиылдан тиген жаудан кек алуға жігерлендірді.

Өмірдің соңғы жылдарында жиі науқастанған Жамбыл 100 жасқа аяқ басқанда, 1945 жылы 22- маусымда қайтыс болды.

Жамбыл Жабаев өлеңдері қазақ поэзиясының дамуына көп үлес қосқан.



1941-1945 жылдар біздің Отанымыз үшін ең ауыр жылдар болды. Гитлер бастаған неміс басқыншылары соғыс жарияламай жерімізге енді. Нева жағасындағы Ленинград қаласы 900 күн қоршауда қалды. Халқымыз үшін бұл күндер – зұлмат күндер болды. Осы қайғылы жағдайға байланысты Жамбыл өзінің “Ленинградтық өренім” атты өлеңін арнады.

Ленинградтық өренім



Ленинградтық өренім!
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін,
Өркеш-өркеш жарасқан
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз
Шомылдырып кемерін!
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған.
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам!

Жасағам жоқ өмірді
Жау соққанын көргелі

Төккенім жоқ терімді,
Шер қылғалы кеудені.
Жасалған жоқ салтанат
Жаудың болуға ермегі,
Жауда қалып Ленинград,
Жаралғам жоқ көнгелі!-
Жасағамын өмірді
Жау біткенді жеңгелі;
Саудыратып сүйегін,
Топыраққа көмгелі.
Судай тасып ел кегі.
Жолды кернеп қол кетті
Сендерге дем бергелі,
Нева алабын қорғандар,
Ленинградтың ерлері,
Ұрпаққа үлгі болыңдар,
Заманымның өрнегі




**Жамбыл қырғыз ақындарының
ортасында**



Жамбыл мен Күләш Бәйсейітова

**М.Калинин Жамбылды орденмен
марапаттауда**



**Жамбыл және Дина
Нүрпейісова**



**Жамбыл жазушы В.Ивановпен
әңгімелесуде**



**Жамбыл мен Ғабит
Мүсірепов**



**Жамбыл халық
ақындарының
ортасында**




Шәкірті Кенен Әзірбаев

Жамбыл театры





«Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз»

Н.Ә.Назарбаев



Үй тапсырмасы

1. Шығармашылық жұмыс: «Жыр алыбы - Жамбыл» (презентация, хабарлама)
2. «Сұраншы батыр», «Өтеген батыр» дастандарынан үзінді жаттау
3. Сұраншы және Өтеген батыр туралы тарихи деректер жинау (хабарлама)
4. Венн диаграммасы (Сұраншы және Өтеген батырлар)



Жиырма сегізінші қаңтар

М.Дулатұлы.

“Шешенің балаларын сүюі” өлеңі





1885—1935

Міржақып Дулатұлы — қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері. Туған жері — Сарықопа уезінің, Торғай облысының үшінші ауылы (қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданына қарасты "Қызбел" ауылы).

Әкесі — Дулат аймағына аты шыққан шебер кісі болған, ер-тұрман жасап, етік, мәсі тіккен. Шешесі — Дәмеш ойын-тойдың базары, әнші кісі болған. Әкесі балаларын жастайынан оқуға береді. Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Молдадан екі жыл оқығаннан кейін, **1897-1902** жылдары Торғай қаласындағы уездік **орыс-қазақ мектебінің** түлегі болады. **1904** жылы қазақ оқығандарының бас қосатын орталығы — **Омбы** қаласына келіп, **А.Байтұрсыновпен** кездеседі. **1907** жылы "Серке" газетіне ақынның "Жастарға деген өлеңі" басылады. А.Байтұрсынов екеуі **"Қазақ"** газетін шығарады.

1935 жылы **Сосновец** станциясындағы түрме ауруханасында қайтыс болады.

Өлеңдері: “Алашқа”, “Зар заман”, “Мектепке”, “Елім – ай”, “Жас қазақ, қайдасың?” “Шешенің балаларын сүйі”, т. б

Әңгімелері: “Жазғы кеш”, “Оқымысты бала”, “Күз”, “Қасқыр қысты қалай өткізеді?”, “Шалдың үш баласы”, “Ешкімге жауыздық қылма”, т. б.

Романы: “Бақытсыз Жамал”

Аудармасы: А. С. Пушкиннен, Абу Фирас Шиллерден, Лермонтовтан, т. б.



پروچا، قازاقا
МЫСАҢ НҮО

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емесің жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі
Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!
М. Дулат

КНИГА,
разбудившая народ

В.З.Галиев



Разыскания о Мыржакыпе Дулатове
и его сборнике "Проснись, казах!"



1. Ақын осы өлеңі арқылы қандай ой айтпақ болды?






2. Қазіргі қоғамда анаға деген құрмет қандай дәрежеде?

3. Ана туралы халық арасында қандай аңыздар бар?

4. Ана туралы қандай даналық сөздер бар?



“Менің анам...” тренинг



Бекіту тапсырмалары:


1-қатар. Талдау- табыс кілті. Өлеңге сатылай кешенді талдау.

2-қатар. Шығармашылық шыңы - ізденіс.

"Мен анамды сүйемін" ойтолғау жазу немесе өлең құрастыру.

3-қатар. "Аналар әлемі". Семантикалық кесте толтыру





“Аналар әлемі”. Семантикалық кесте

Ақын-жазушылар	Менің атым- әйел, мына қыздың анасымын! Бәрің де анадан тудыңдар.	Ана керек! О, адамдар ана керек адамға, Анасыздар аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда.	Жақсы жігіт ел- жұртының қаласындай, Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай	Күлдей күңгірт шашы бар, Тоқсан бесте жасы бар, Көз дегенің – сұп- сұр көр. Тасбиық санап бүгіліп, Жерге қарап үңіліп, Көрше ауыр күрсінер, Менің бір қарт анам бар. Неге екенін білмеймін-Сол анамды сүйемін.	Ана, Сен бақыттысың, Жыламағын! Жай түсіп жатқанда да құламадың.
Әбділда Тәжібаев					
Сүйінбай Аронұлы					
Ғабит Мүсірепов					
Төлеген Айбергенов					
Мағжан					
Жұмабаев					
Мұқағали Мақатаев					

“Аналар әлемі”. Семантикалық кесте

<p>Ақын-жазушылар</p>	<p>Менің атым-әйел, мына қыздың анасымын! Бәрің де анадан тудыңдар.</p>	<p>Ана керек! О, адамдар ана керек адамға, Анасыздар аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда.</p>	<p>Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай, Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай</p>	<p>Күлдей күңгірт шашы бар, Тоқсан бесте жасы бар, Көз дегенің – сұп-сұр көр. Тасбиық санап бүгіліп, Жерге қарап үніліп, Көрше ауыр күрсінер, Менің бір қарт анам бар. Неге екенін білмеймін-Сол анамды сүйемін.</p>	<p>Ана, Сен бақыттысың, Жыламағын! Жай түсіп жатқанда да құламадың.</p>
<p>Әбділда Тәжібаев</p>					
<p>Сүйінбай Аронұлы</p>			+		
<p>Ғабит Мүсірепов</p>	+				
<p>Төлеген Айбергенов</p>		+			
<p>Мағжан Жұмабаев</p>				+	
<p>Мұқағали Мақатаев</p>					+

Тест

1. М.Дулатұлы қай облыста дүниеге келген?

А) Семей облысы. Б) ОҚО. В) Талдықорған облысы. С) Торғай облысы

2. Міржақып қандай оқу орнында оқыған?

А) Орынбор рабфагінде . Б) Петербург артеллерия училищесінде

В) Торғайда орыс- қазақ мектебінде. С)Ахмет- Риза медресесінде.

3. Сол кезеңдегі қазақ оқығандарының бас қосатын орны қай жер болды?

А) Алматы. Б) Омбы. В) Торғай. В) Орынбор

4. Омбыда ол кіммен танысады?

А) Шәкәрім. Б) А.Байтұрсынұлы. В) М. Жұмабаев. В) Ж. Аймауытов

5. Міржақыптың "Жастарға" деген өлеңі қай газетте басылды?

А) "Түркістан уалаятының газеті". Б) "Серке " газеті.

В) "Дала уалаятының газеті". С) "Айқап" журналы

6. Ел санасын ояту мақсатында А.Байтұрсыновпен бірігіп қандай газет шығарды?

А) "Түркістан уалаятының газеті". Б) "Қазақ " газеті

В) "Дала уалаятының газеті". С) "Айқап" журналы

7. Автор проза саласында күшін сынап қандай роман жазды?

А) "Бақытсыз Жамал" . Б) "Ақбілек". В) "Қалың мал". С) "Абай жолы"

8. М.Дулатұлы қай жерде дүние салды?

А) Петербургте. Б) Торғайда. В) Сосновец бекетінде. С) Уфада

9. Міржақыптың анасы кім?

А) Дәмеш. Б) Айғаным. В) Жамал. С) Ұлжан

Тест жауаптары

1. М.Дулатұлы қай облыста дүниеге келген?
С) Торғай облысы
2. Міржақып қандай оқу орнында оқыған?
В) Торғайда орыс- қазақ мектебінде.
3. Сол кезеңдегі қазақ оқығандарының бас қосатын орны қай жер болды?
Б) Омбы.
4. Омбыда ол кіммен танысады?
Б) А.Байтұрсынұлы.
5. Міржақыптың "Жастарға" деген өлеңі қай газетте басылды?
Б) "Серке " газеті.
6. Ел санасын ояту мақсатында А.Байтұрсыновпен бірігін қандай газет шығарды?
Б) "Қазақ " газеті
7. Автор проза саласында күшін сынап қандай роман жазды?
А) "Бақытсыз Жамал"
8. М.Дулатұлы қай жерде дүние салды?
В) Сосновец бекетінде.
9. Міржақыптың анасы кім?
А) Дәмеш.

Бағалау кестесі

9 дұрыс жауап - “5”
8-7 дұрыс жауап - “4”
6-5 дұрыс жауап - “3”
4-1 дұрыс жауап - “2”

Үйге тапсырма:

1. М.Дулатұлы. « Шешенің балаларын сүюі» өлеңін жаттау.
2. « Қазақ аналары" тақырыбында альбом жасау.